КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

ШЕШІМ

2025 жылғы 4 сәуір Іс №3514-25-00-2/332 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Муталяпова,
сот отырысының хатшысы А.М.Булумбаевамен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ALASHLAND» Әбдіхасан Әбдікәрімұлы Әбдімомын

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСТЫ:
талап қоюшының өкілдері К.М.Темиров, К.К.Кадырбаев
жауапкер Ә.Ә.Әбдімомын

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

6 желтоқсан 2024 жылы «Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «ALASHLAND» Әбдіхасан Әбдікәрімұлы Әбдімомын (бұдан әрі – ЖК «ALASHLAND», орындаушы) арасында құрылысқа қатысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №240023 және №240024 шарттар жасалды (бұдан әрі – Шарт №1, Шарт №2).

Екі Шарттың пәні болып ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру бойынша конкурс өткізу үшін жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын әзірлеу жөніндегі қызметтер.

Әрбір Шарттың сомасы – 1 110 000 теңге.

Қызмет көрсету мерзімі – шарттарды жасасқан күннен бастап 16 күнтізбелік күн деп белгіленген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер міндеттемелерін орындаған жоқ, Шарттарда белгіленген мерзімге дейін қызметтер көрсетілмеген.

Талап қоюшы жауапкермен өзіне алған міндеттемелердің орындамауымен негіздеген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоймен сотқа жүгіндіп.

ЖК «ALASHLAND» талап қоюға қарсы пікірінде қызметтерді келесідей объективті себептермен орындамағанын атады. Шарттар жасалғаннан кейін жобаларды дайындау мақсатында тапсырыс берушіден 74 жер учаскесі бойынша схемалар сұратылған. Қазақстан Республикасының Жер кодексі (бұдан әрі – Кодекс) және жер учаскелерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобасын әзірлеу қағидаларын бекіткен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылдың 3 маусымдағы №180 бұйрығымен (бұдан әрі – Қағидалар) жерге орналастыру жобаларын әзірлеу және дайындау бойынша талаптар белгіленген. Тапсырыс берушімен түсіндірме хат жолдағанымен, тиісті растайтын құжаттар қосымша салынбаған. Шарттарда көрсетілген қызметтерді орындауға тапсырыс беруші тараптан ұсынылатын құжаттар тізімі толық болмауы объективті кедергі болғанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Түсініктемелерінде жауапкердің өзіне алған міндеттемелерін орындамағанын, Шарттарға қол қойып, техникалық сипаттамалармен танысқанын, барлық жер учаскелері бойынша схемалардың Шарттар жасалғанға дейін берілгенін, жауапкерден міндеттемелерді орындау мерзімі ішінде қосымша құжаттар беру туралы өтініштер мен сұраулардың түспегенін айтты. ЖК-дің өтініші тапсырыс берушіден Шарттарды біржақты бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін түскен, онда ол қай 74 жер учаскесі бойынша ақпарат пен құжаттар қажеттілігін көрсеткен жоқ. Өтінішке жауап уақытылы берілді. Жауапкер міндеттемелерін толық көлемде орындамаған, мәліметтердің болмау дәлелдері негізсіз, жерге орналастыру жобалары бір де бір учаске бойынша тапсырылған жоқ.

Сот отырысында жауапкер қарсы пікірлерінде көрсеткен уәждерін қолдады, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады, оны тапсырыс беруші үшін теріс салдарларының орын алмағанымен түсіндірді. Шарттар бұзылғанға дейін де, кейін де міндеттемелердің орындамағанын мойындады, шарттарды бұзу алдында тапсырыс берушіге сұраулар жіберілмеген, жерге орналастыру жобаларын бір де бір учаске бойынша әзірлеуге кіріспеген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 271-бабына сәйкес, міндеттемелер шарттан туындайды.

АК 272-бабына және 277-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеменің шарттары мен заңнаманың талаптарына сәйкес, белгіленген мерзімде және тәртіпте тиісінше орындалуы тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Мұталяпова А. Т., 11.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Мұталяпова А. Т., 15.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АК 386-бабының 1 және 3-тармақтарының күші бойынша, шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады (АК 393-бабы). Егер заңнамада немесе шартта шарттың әрекет ету мерзімі белгіленген болса, онда осы мерзімнің аяқталуы тараптардың шарт бойынша міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң), даулы құқықтық қатынастар кезіндегі қолданыста болған, 12-бабының 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жеткізушілердің тізімін білдіреді. Осы тармақтың 1-бөлігінің 3)тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші жеткізушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны туралы белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, мұндай жеткізушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды талап етіп, сотқа жүгінуі тиіс, егер келесі шарттардың жиынтығы орындалған жағдайлардан басқа: 1)жеткізушінің айыппұлды (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2)шарттық міндеттемелердің толық орындалуы; 3)тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы (Заңның 12-бабының 4-бөлігі).

Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сотпен, аталған іс бойынша мемлекеттік сатып алу бағалық ұсыныс әдісімен жүзеге асырылғаны анықталды.

Осылайша, мемлекеттік сатып алуға қатысқан орындаушы, тапсырыс берушімен 1 және 2 Шарттарға қол қойған кезде, Шарттарда белгіленген мерзімдерде оның қосымшаларына сәйкес міндеттемелерін орындауға келісім берген және оны өз мойнына алған.

1 және 2 Шарттарының 2.1 тармақтарына сай, орындаушы осы Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және орындаушы Шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттардың талаптарында ақы төлеуге міндетті, егер орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындаса.

Шарттардың 4.1 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша алған міндеттемелерін толық және дұрыс орындауға міндеттенді.

1 және 2 Шарттарға сәйкес, тараптар қызметтерді көрсетудің мерзімін Шарттарды жасасқан күннен бастап 16 күнтізбелік күн деп белгілеген.

Құжатқа қол қойылған: Мұталяпова А. Т., 11.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Мұталяпова А. Т., 15.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

1 және 2 Шарттары 6 желтоқсан 2024 жылы жасалды, демек, қызметтерді көрсету мерзімі 23 желтоқсан 2024 жылы аяқталуы тиіс, техникалық сипаттамаларға сәйкес қызметтер көрсетілмеген, тапсырыс берушіге тапсырылмаған, бұл жағдайлар жауапкер тарапынан жоққа шығарылмады.

Жауапкер 1 және 2 Шарттарда көзделген міндеттемелерін орындамаған, 74 жер учаскесі бойынша жерге орналастыру жобаларын талап қоюшыға ұсынбады, Шарттардың 2024 жылдың 27 желтоқсанда біржақты бұзылғанын және 1 және 2 Шарттардың бұзылуын жауапкер даусыз қалдырған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы соттардың қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар жеткізушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде ескеруі тиіс, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін әділдік және ақылға қонымдылық критерийлеріне сәйкес теріс салдарлардың орын алғанын ескеріп, АК-нің 359-бабына сәйкес теріс салдарлардың тапсырыс берушіге келтірілген залалдың салдарынан маңызды түрде шарт жасасқан кезде күткен нәтижеге қол жеткізе алмауы ретінде қарастырылады (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жауапкердің мемлекеттік сатып алуларға жосықсыз қатысушыны тануға қажетті белгілердің жоқтығы туралы және объективті жағдайлардың бары туралы уәждері негізсіз болып танылады, өйткені бұл жағдайлар дәлелденген жоқ.

Сотқа ұсынылған тараптар арасындағы хаттардан, сондай-ақ веб-порталдағы келісімдер журналынан, жауапкер 2024 жылдың 23 желтоқсанына дейін (шарттар бойынша қызмет көрсету мерзімдерінің аяқталуы) тапсырыс берушіге ешқандай сұрату хаттарының, бастапқы деректер немесе міндеттемелерді орындауға және жерге орналастыру жобаларын әзірлеуге кедергі келтіретін құжаттар жөнінде хабарламалар жолдамағаны анықталды.

Орындаушы тек шарттарды бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін тапсырыс берушіге өтініш жіберген, сондықтан тапсырыс берушінің міндеттемелерін орындамағаны туралы уәждері негізсіз.

Сондай-ақ, жауапкердің орындаушыға қызмет көрсету құқығы, оның ішінде шарттарды бұзу туралы хабарлама алған сәттен бастап 30 күн ішінд, деген уәждері негізсіз, себебі жауапкер Шарттарды жасаған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жобаларды әзірлеуге міндеттенген, бұл мерзім тараптар тарапынан ұзартылмаған және Шарттардың осы бөлігі бойынша тараптар шарттарды өзгертпеген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі орындаушының уақытында қызмет көрсетпеуі жобаларды алуға мүмкіндікті жоғалтқаны туралы түсініктеме берді, бұл теріс салдарларға алып келіп, нәтижесінде

Құжатқа қол қойылған: Мұталяпова А. Т., 11.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Мұталяпова А. Т., 15.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындаушының кінәсінің бар екенін және Шарттар бойынша міндеттемелерді орындаудан босату үшін негіздердің жоқтығын көрсетті.

АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, егер заңнамамен немесе шартпен өзгеше көзделмесе, борышкер міндеттемені орындамауына немесе тиісінше орындамауына кінәлі болған жағдайда жауапты болады.

Сот отырысында талап қоюшының дәлелдері жоққа шығарылмады, ал жауапкер өз әрекеттерінің дұрыстығын дәлелдейтін дәлелдер ұсынбады. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 72-бабына сәйкес, әр тарап өз талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Талап қою мерзімі Заңмен белгіленген тәртіпте талап қоюшымен сақталған.

Осы мән-жайларға байланысты, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден 1 966 теңге мөлшерінде өндіріп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жауапкер «ALASHLAND» жеке кәсіпкер Әбдіхасан Әбдікәрімұлы Әбдімомынды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ALASHLAND» Әбдіхасан Әбдікәрімұлы Әбдімомын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ALASHLAND» Әбдіхасан Әбдікәрімұлы Әбдімомыннан мемлекеттік баж 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекет кірісіне өндірілсін.

Шешімге ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар, өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап, бір ай мерзім ішінде АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарына сәйкес, Қарағанды облыстық сотының апелляциялық сот алқасына Қарағанды облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты келтірілуі мүмкін.

Судья А.Муталяпова

Құжатқа қол қойылған: Муталяпова А. Т., 11.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Муталяпова А. Т., 15.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Көшірмесі дұрыс:

Судья А. Муталяпова

Құжатқа қол қойылған: Муталяпова А. Т., 11.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Муталяпова А. Т., 15.05.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»